

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №2

6. 11.2023 ж

ЖШС
«Айида»бала-бақшасы

Қатысқандар:

Күн тәртібі

- 1.Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қортындысы
- 2.Балабақшадағы адамгершілік-құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
- 3.Күннің 1-жартысындағы режимдік өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қортындысы.
- 4.Ағымдағы мәселер

Тыңдалды: Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қортындысы бойынша медбике медициналық тексеруден алты айда бір рет өту керектігін ,қызметкерлерге арнайы кесте көұрылып уақтылы өтуде.Қызметкерлер арасында жұқпалы аурумен ауырған қызметкерлер тіркелмеді барлығы уақтылы өтуде.

Мектеп жасына дейінгі кезең – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы аралықта мектеп жасына дейінгі балалардың игерген рухани байлығы, білімі, дағдысы, қабілеті өмір бойына із қалдырып, оның өз деңгейінде дұрыс жетілуіне негіз болады. Сол себепті де мектепке дейінгі ұйымдарда білім нәрін ұсынатын біз тәрбиешілерге аса назар аударады. Биыл біздің ұжым өз алдына мынадай жылдық міндет қойып отыр: «Балабақша және отбасы сабақтастығы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру». Осы міндетті негізге ала отырып біз, сіздер ата-аналар балаларымызға адамгершілік-патриоттық тәрбие беруіміз керек. Баланың бойына адамгершілік нормаларын меңгерту, еңбекке баулу, жағымды әдет-дағдыларын қалыптастыру, келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу туралы әдіскер айтып өтті.

Күннің 1-жартысындағы режимдік өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қортындысы туралы салыстырмалы тексеру қортындысы туралы кемшіліктер мен жетістіктерге тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі айтылған мәселелерді қортындылай келе шешім шығарды.

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №3

04.01.2024 ж.

ЖШС «Айида» бала-бақшасы

Қатысқандар: 15

Күн тәртібі

1. №3 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.
2. Күннің 2-жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу ойындарды жоспарлау бірізділігі
3. Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейі
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды : Балабақша меңгерушісі А.Қабылбек сөз алып , өткен өндірістік шешімдердің орындалуына тоқталып өтті.

Екінші мәселе бойынша бадабақөша әдіскері сөз алып күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуын режимдік сәттердің орындалуы сонымен қатар циклограммадағы жоспарланған ойындардың өткізілу деңгейіне тоқталып , ойындардың жоспарлау барысын атап өтті.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырмалары алынды , және дидактикалық материалдарды пайдалану арқылы сұрақтар қойылды .

Балабақшадағы жылудың сақталуы , балалардың топқа толық күн қатысуын ескертіп өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. №3 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Күннің 2-жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу ойындарды жоспарлау бірізділігі сақталсын
3. Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін
4. Ағымдағы мәселелер бойынша жұмыстар жүргізілсін

Жиналыс төрағасы: А.Қабылбек

Хатшысы: Д.Кантуреева

